«ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ
ДІН ІСТЕРІ
БАСҚАРМАСЫ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«УПРАВЛЕНИЕ
ПО ДЕЛАМ РЕЛИГИЙ
КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ
23 желтоқсан 2025 жыл

Қарағанды қаласы

ПРИКАЗ
№ 74н

город Караганда

Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII Заңы (бұдан әрі - заң) 16-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 16-баптың 3-тармағының 25-тармақшасына сәйкес - Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының Интранет-порталын сүйемелдеу қызметі, құпия хат-хабарларды жөнелту жөніндегі арнайы байланыс қызметі, қызметтік пайдалану үшін хат-хабарларды жөнелту жөніндегі арнайы байланыс қызметі; 16-баптың 3-тармағының 1-тармақшасы - жылу энергиясы, электр энергиясы, химиялық жолмен тазартылған су; 16-баптың 3-тармағының 7-тармақшасы - дін саласында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарының іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу; 2026 жылға арналған Қарағанды облысындағы діни ахуал туралы қоғамдық пікірді зерделеу; діни ұйымдардың өкілдері арасында конфессияаралық келісім мен дінаралық тұрақтылықты нығайту жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу; радикалды діни идеологияға бейім, сондай-ақ оған тап болған адамдармен атаулы түсіндіру және оңалту жұмыстарын жүргізу және теологтарды, дінтанушыларды, сарапшылар мен ғалымдарды тарта отырып, облыстағы діни ахуалды сауықтыруға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру; кәмелетке толмағандар арасында діни төзімсіздік пен экстремизм көріністеріне қарсы іс-қимыл жөніндегі профилактикалық іс-шаралар кешенін ұйымдастыру және өткізу; жастар арасында діни төзімсіздік пен экстремизм көріністеріне қарсы іс-қимыл жөніндегі профилактикалық іс-шаралар кешенін ұйымдастыру және өткізу; жоспардың осы тармақтары бойынша тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалсын.

000675

2. Сатып алуды ұйымдастырушы мемлекеттік сатып алудың веб-порталында шарт жасасуға қажетті барлық іс-әрекеттерді орындасын.
3. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету талап етілмесін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын өзім бақылаймын.
5. Осы бұйрық қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді.

Қарағанды облысының
дін істері басқармасының басшысы **Ж. Сектай**

Орын.: Р.Кистаубаева
А. Есен